

Дания Нұрмуханқызы¹, Данияр Қалдияров², Гульмира Ишкибаева³

*¹ I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Басқарма
Төрағасы–Ректорының Аппарат басшысы, философия
докторы (Phd), қауымдастырылған профессор
e-mail: daniyafmo@mail.ru*

<https://orcid.org/0000-0003-3817-1975>

*² I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры,
экономика ғылымдарының докторы,
e-mail: Kdaltay@gmail.com*

<https://orcid.org/0000-0002-0181-2962>

*³ I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
постдокторанты, философия докторы (Phd)
(Талдықорған, Қазақстан)*

e-mail: gulmira_marat@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-7021-5627>

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТАҒЫ КЛИМАТТЫҚ КӨШІ-ҚОН: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Аңдатпа. ХХІ ғасырдың басты жаһандық сын-қатерлерінің бірі – климаттың өзгеруі. Ол әлеуметтік-экономикалық дамуға елеулі ықпал етіп, мемлекеттердің саяси стратегияларын жаңа жағдайға бейімдеуді талап етеді. Климаттық факторлардың күшеюі көші-қон үрдістерін айтарлықтай жандандыруда. Дегенмен, халықаралық деңгейде климаттық мигранттарға ортақ құқықтық мәртебе әлі қалыптаспаған, бұл құқықтық белгісіздікті туындатады. 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенцияда климаттық мигранттар босқындар санатына кірмейтіндіктен, қазіргі халықаралық құқықтық тетіктер олардың құқықтарын толық көлемде қорғауға қауқарсыз. Қазақстан жағдайында климаттық алуан түрлілік пен кейбір аймақтардың экологиялық осалдығы ішкі және трансшекаралық көші-қон қаупін күшейтуде. Мұндай жағдайда климаттық көші-қон мәселелерін көші-қон және климаттық саясаттың ұлттық жүйесіне енгізу, сондай-ақ заңнаманы жаңа сын-тегеуріндерге бейімдеу қажет. Бұл зерттеу халықаралық тәжірибені сараптауға, қолданыстағы құқықтық олқылықтарды айқындауға және Қазақстан үшін тиімді шешімдер ұсынуға бағытталған. Зерттеудің басты мақсаты – әлемдік тәжірибені және қазіргі үрдістерді ескере отырып, мемлекеттік саясат пен ұлттық құқықтық базаны жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеу.

Түйін сөздер: көші-қон, климаттық көші-қон, мемлекеттік саясат, құқықтық мәртебе, халықаралық құқық, климаттық мигранттарды қорғау.

Дания Нұрмуханкызы, Данияр Калдияров, Гүлмира Ишкыбаева
ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА В СФЕРЕ КЛИМАТИЧЕСКОЙ
МИГРАЦИИ: МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПОДХОДЫ И КАЗАХСТАНСКАЯ
ПРАКТИКА

Аннотация. Изменение климата является одной из ключевых глобальных проблем XXI века, оказывая существенное влияние на социально-экономические процессы и требуя адаптации государственной политики. Усиление климатических факторов все более формирует миграционные потоки, однако на международном уровне до сих пор отсутствует единый правовой статус климатических мигрантов, что порождает правовую неопределённость. Согласно Конвенции о статусе беженцев 1951 года, климатические мигранты не относятся к категории беженцев, а действующие механизмы не обеспечивают им должной правовой защиты. В условиях Казахстана, где наблюдается разнообразие климатических условий и уязвимость отдельных регионов, возрастает риск как внутренней, так и трансграничной климатической миграции. Такая ситуация требует интеграции вопросов климатической миграции в национальную миграционную и климатическую политику, а также адаптации законодательства к новым вызовам. Настоящее исследование направлено на анализ международных подходов к регулированию климатической миграции, выявление пробелов в правовой сфере и определение возможных решений для Казахстана. Цель работы – выработка предложений по совершенствованию государственной политики и национальной правовой базы с учетом мирового опыта и актуальных тенденций.

Ключевые слова: *миграция, климатическая миграция, государственная политика, правовой статус, международное право, защита климатических мигрантов.*

Daniya Nurmukhankyzy, Daniyar Kaldiyarov, Gulmira Ishkibayeva
STATE POLICY ON CLIMATE MIGRATION: INTERNATIONAL
APPROACHES AND KAZAKHSTAN'S PRACTICE

Abstract. Climate change is one of the key global challenges of the 21st century, significantly affecting socio-economic processes and requiring adaptation of public policy. The intensification of climate-related factors increasingly shapes migration flows; however, at the international level there is still no unified legal status for climate migrants, which leads to legal uncertainty. According to the 1951 Refugee Convention, climate migrants are not considered refugees, and existing mechanisms do not provide them with adequate legal protection. In Kazakhstan, with its diverse climatic conditions and the vulnerability of certain regions, the risk of both internal and cross-border climate migration is growing. This situation necessitates the integration of climate migration issues into national migration and climate policies, as well as the adaptation of legislation to new challenges. The study aims to analyze

international approaches to regulating climate migration, identify gaps in the legal framework, and outline possible solutions for Kazakhstan. The main objective is to develop proposals for improving public policy and the national legal system, taking into account global experience and current trends..

Keywords: *migration, climate migration, public policy, legal status, international law, protection of climate migrants.*

Кіріспе

БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаментінің (UN DESA) бағалауынша, 2024 жылдың ортасына қарай әлемде халықаралық мигранттар саны шамамен 304 миллион адамды құрады, бұл Жер шары халқының 3,7 %-ына тең. Бұл көрсеткіш соңғы жылдары халықаралық көші-қон көлемінің тұрақты өсіп келе жатқанын дәлелдейді [1]. Салыстыру үшін, 2020 жылы халықаралық мигранттар саны 281 миллион адамды, яғни әлем халқының 3,6 %-ын құраған болатын [2]. Дүниежүзілік банк деректеріне сүйенсек, 2050 жылға қарай климаттың өзгеруі шамамен 216 миллион адамды өз елдерінің аумағында көшуге мәжбүр етуі мүмкін [3]. Жыл сайын миллиондаған адам құрғақшылық, су тасқыны, шөлейттену, теңіз деңгейінің көтерілуі және басқа да табиғи апаттар салдарынан тұрғылықты жерлерін тастап кетуге мәжбүр болады. Бұл мәліметтер климаттық көші-қонның жаһандық климаттық өзгерістердің салдары аясында жедел өсіп келе жатқан көші-қон түрлерінің бірі екенін көрсетеді. Алайда халықаралық құқықта климаттық мигранттарға қатысты біртұтас анықтама жоқ, бұл өз кезегінде олардың қорғалуында елеулі құқықтық олқылықтар туындатады.

Аталған мәселе экологиялық қауіп-қатерлер мен климаттық тұрақсыздыққа бейім елдер үшін аса өзекті болып отыр. Қазақстан Республикасы кең байтақ аумағы мен әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарға ие бола отырып, ішкі және трансшекаралық халық қоныс аударуына ықпал ететін қатерлерге де тап болуда. Осыған байланысты климаттық көші-қонды құқықтық реттеуге қатысты қолданыстағы заңнаманы қайта қарау және халықаралық стандарттарды ескере отырып жаңа тәсілдерді әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің мақсаты – климаттық мигранттарды қорғаудың халықаралық-құқықтық тетіктеріне кешенді талдау жүргізу, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көрініс табуын бағалау және осы саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бағыттарын айқындау, сонымен қатар аталған тұлғалар санаты үшін жеке құқықтық мәртебе қалыптастыру қажеттілігін негіздеу.

Зерттеуде климаттық көші-қонға байланысты негізгі халықаралық құжаттар, халықаралық ұйымдардың ұстанымдары, жекелеген мемлекеттердің тәжірибесі және сот прецеденттері қарастырылады. Ерекше назар климаттық көші-қон мәселелерін ұлттық көші-қон және климаттық

саясатқа интеграциялауға, климаттық мигранттарды тиімді қорғау және әлеуметтік бейімдеу жүйесін қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді модельдеуге аударылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы климаттық көші-қонды халықаралық, экологиялық және көші-қон құқығы түйіскен нүктеде орналасқан құқықтық құбылыс ретінде кешенді зерттеуде, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың құқықтық шешімдер мен институционалдық тетіктерді қалыптастырудағы рөлін айқындауда көрініс табады.

Тақырыптың өзектілігі климаттық көші-қон ауқымының өсуімен, осы санаттағы адамдарды айқындау және қорғау жөнінде бірыңғай халықаралық тәсілдердің болмауымен, сондай-ақ климаттың өзгеруінен туындайтын сын-қатерлерге жауап бере алатын келісілген әрі тиімді құқықтық құралдарды әзірлеуге мемлекеттердің белсенді қатысуы қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу шеңберінде келесі әдістер қолданылды:

Нормативтік-құқықтық актілерді талдау әдісі - бұл әдіс көші-қон, босқындарды қорғау және климаттық мигранттардың құқықтық мәртебесіне қатысты халықаралық және ұлттық құжаттарды зерделеуге негізделді. Атап айтқанда, 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы Конвенция, 2018 жылғы Қауіпсіз, реттелген және заңды көші-қон жөніндегі жаһандық келісім, 2015 жылғы Климат жөніндегі Париж келісімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырылды.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс - әртүрлі мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың құқықтық нормалары талданып, салыстырылды. Бұл әдістің мақсаты – климаттық мигранттардың мәртебесін құқықтық реттеудің тиімді жолдарын анықтау және Қазақстан үшін бейімдеуге болатын тәжірибелерді белгілеу.

Тарихи-құқықтық талдау әдісі - климаттық өзгерістермен байланысты көші-қон процестерін құқықтық реттеудің даму эволюциясы зерттелді. Осы арқылы негізгі үрдістер, заңнамалық кезеңдер және құқықтық олқылықтардың тарихи себептері айқындалды.

Жүйелі тәсіл - климаттық көші-қон құбылысы халықаралық құқық, экологиялық өзгерістер және әлеуметтік-экономикалық процестермен өзара байланысты кешенді жүйе ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл құқықтық, әлеуметтік және институционалдық деңгейлер арасындағы өзара ықпалды түсінуге мүмкіндік берді.

Құқықтық модельдеу әдісі - халықаралық тәжірибе негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бағытында ұсыныстар әзірлеу жүзеге асырылды. Бұл әдіс климаттық мигранттарға арналған жаңа құқықтық мәртебені қалыптастыруға және оны ұлттық құқық жүйесіне енгізу жолдарын айқындауға бағытталды.

Социологиялық әдіс - БҰҰ, Халықаралық көші-қон ұйымы (ХКУ), БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының (БҰҰБЖКБ) баяндамалары, сараптамалық пікірлері, сондай-ақ статистикалық деректер

мен сауалнамалар талданды. Бұл әдіс әлеуметтік көзқарастар мен көші-қон ықтималдығын бағалауға негіз болды.

Болжамдық әдіс - Қазақстан мен халықаралық деңгейде климаттық көші-қонды құқықтық реттеудің даму сценарийлері қарастырылды. Сонымен қатар климаттық мигранттардың құқықтық мәртебесінің болмауының ықтимал салдарын болжау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

Алғашқы кезеңде көші-қонды реттеу нормалары мемлекеттердің егемендігі, азаматтығы және шекара қауіпсіздігі мәселелерімен шектеліп, фрагментарлық сипатта болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық қауымдастық босқындар мәселесімен бетпе-бет келіп, 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы Конвенция мен 1967 жылғы Хаттамада саяси және әскери қудалаудан қашқан тұлғаларды қорғау тетіктерін бекітті, алайда экологиялық немесе экономикалық себептермен қоныс аударғандар құқықтық қорғаудан тыс қалды. 1960–1990 жылдары көші-қон процестерінің еңбек сипаттары алдыңғы орынға шығып, Халықаралық еңбек ұйымының бірқатар конвенциялары қабылданды, сондай-ақ 1990 жылғы Барлық еңбекші-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенция еңбекші-мигранттардың негізгі құқықтарын бекітті. ХХІ ғасырда жаһандану, заңсыз көші-қон, адам саудасы, сондай-ақ экологиялық сын-қатерлер көші-қон құқығын кешенді сипатта қарастыруды талап етті: қауіпсіздік, гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық факторлар өзара байланысты реттеу нысанына айналды. Дегенмен климаттық миграция сияқты жаңа құбылыстардың құқықтық мәртебесі әлі анықталмаған, бұл тарихи қалыптасқан құқықтық олқылықтардың жалғасып келе жатқанын көрсетеді.

Халықаралық құжаттарды талдау көрсеткендей, классикалық халықаралық құқық, оның ішінде 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы Конвенция және оған 1967 жылғы Хаттама [4], климаттық мигранттарды қорғау аясын қамтымайды, себебі олар «босқын» ұғымына сәйкес келмейді. Біртұтас халықаралық келісімнің жоқтығына қарамастан, климаттық көші-қон мәселелері бірқатар халықаралық тетіктер шеңберінде қарастырылады, атап айтқанда – 2018 жылғы Климат жөніндегі Париж келісімі [5] және 2018 жылғы Қауіпсіз, реттелген және заңды көші-қон жөніндегі жаһандық келісім. Мәселен, Жаһандық келісім тараптары мынадай мақсатты белгілеген: «табиғи апаттардың (күтпеген не баяу дамитын), климаттық өзгерістердің теріс салдарының, қоршаған ортаның нашарлауы мен басқа да жағымсыз жағдайлардың нәтижесінде туындауы мүмкін көші-қон ағындарын анықтау, түсіну және болжауды жақсарту үшін бірлескен талдау мен ақпарат алмасуды жетілдіру, сондай-ақ барлық мигранттардың адам құқықтарының сақталуын, қорғалуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету арқылы оларға жауап беру» [6]. Алайда аталған келісімдердің мазмұны климаттық көші-қон саласындағы пікір алмасуға және шараларды үйлестіруге арналған платформа рөлін атқарады, бірақ

нақты міндеттемелер мен құқықтық мәртебені айқындайтын ережелерді қамтымайды.

Климаттық көші-қон мәселесін жаһандық деңгейде мойындауға бағытталған талпыныстар БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының (БҰҰБЖКБ) нұсқаулық қағидаттары және Халықаралық көші-қон ұйымының (ХКУ) бастамалары шеңберінде жүргізілді. Алайда бұл құжаттардың ешқайсысы заңдық міндет күші жоқ және климаттық мигранттарға толыққанды құқықтық мәртебе бермейді.

Зерттеу көрсеткендей, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында «климаттық мигрант» ұғымы және осы санаттағы адамдарға тікелей қатысты нормалар жоқ. 2011 жылғы 22 маусымдағы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңы ішкі және сыртқы көші-қонды, еңбек мигранттарын, этникалық қазақтарды, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларды анықтайды, алайда экологиялық себептермен орын алатын қоныс аударуларды қамтымайды [7].

Қазақстан Республикасы шөлейттену, топырақ деградациясы, су ресурстарының азаюы және климаттың жалпы өзгеруі (әсіресе елдің оңтүстік және батыс аймақтарында) сияқты факторлардың әсеріне бейім ел ретінде ішкі климаттық көші-қон толқындарымен бетпе-бет келуі мүмкін [8]. Айта кетерлігі, ішкі көші-қон ерекшеліктеріне қатысты жалғыз нормалар – Заңның 10-тарауындағы қоныс аударушыларға қолдау көрсетуге арналған ережелер [9].

Аталған Заңның 52-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметі көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы негізінде қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын белгілейді. Бұл квота Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру мақсатында келетін қоныс аударушылар отбасыларының шекті санын анықтайды [10].

Тиісті заңнаманың болмауына байланысты мемлекет климаттық мигранттарды ресми тануға да, оларды әлеуметтік, құқықтық және гуманитарлық қолдауға да қажетті құқықтық тетіктерге ие емес.


Айрықша атап өту керек: 2022 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №961 қаулысымен бекітілген 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасында климаттық көші-қон мәселелері қарастырылмаған. Бұл – климаттық өзгерістердің ішкі және ықтимал трансшекаралық көші-қон процестеріне әсерінің артып келе жатқанына қарамастан. Құжат негізінен еңбек көші-қонын, этникалық репатриацияны реттеуге, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл мен көші-қон инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған. Мұндай стратегиялық деңгейдегі құжатта климаттық көші-қонның мүлдем айтылмауы климаттың өзгеруінен туындайтын тәуекелдердің бағаланбағанын көрсетеді және бұл экологиялық тұрақсыздық арта түскен жағдайда әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін дегенді білдіреді [11].

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жүргізген зерттеу Қазақстанның бірқатар өңірлерінде (Жетісу облысы, Алматы облысы және ішінара Түркістан облысы) жүзеге асырылды. Зерттеу шеңберінде **400-ден астам респондент** қамтылды, олардың қатарына әртүрлі жас және әлеуметтік топ өкілдері енгізілді. Сауалнамада климаттық өзгерістер мен көші-қон арасындағы байланыстарды айқындауға бағытталған сұрақтар қойылды. Атап айтқанда:

- климаттық жағдайдың өзгеруі тұрғылықты жерде өмір сүруге қаншалықты әсер етеді;
- экологиялық факторлар көшу шешімін қабылдаудағы рөлі қандай;
- табиғи апаттар, су тапшылығы, жердің құнарсыздануы сияқты құбылыстар көші-қонға итермелеуі мүмкін бе;
- алдағы жылдары көшу ниеті бар ма және қай бағытты қарастыруда.

Зерттеу нәтижелері климат пен қоршаған ортаның өзгеруі адамдардың көші-қон туралы шешім қабылдауында барған сайын маңызды факторға айналып келе жатқанын көрсетті.

1-диаграмма. Климаттық өзгерістерге байланысты көшу ықтималдығы туралы адамдардың пікірі



1. Жоқ (41.29%) - респонденттердің басым бөлігі көшу жоспары жоқ екенін көрсетті, бұл олардың қазіргі жағдайларға бейімделгенін көрсетуі мүмкін.

2. Жауап беруге киналамын (32.64%) — айтарлықтай бөлігі нақты жауап бере алмады, бұл белгісіздік пен тұрақсыздықтың бар екенін білдіреді.

3. Иә (26.07%) - төрттен бірі көшу мүмкіндігін қарастырып отыр, бұл климаттық жағдайлардың нашарлауымен, экономикалық себептермен немесе әлеуметтік тұрақсыздықпен байланысты болуы мүмкін.

Халықаралық көші-қон ұйымының бағалауы бойынша, 2050 жылға қарай Қазақстан халқының 3,1%-дан 4,6%-ға дейінгі бөлігі (шамамен 0,9–1,2 миллион адам) климаттың өзгеруі салдарынан ел ішінде қоныс аударуға мәжбүр болуы мүмкін [12].

Қазіргі жаһандық үрдістер халықтың көші-қон қозғалысының тұрақты өсіп келе жатқанын дәлелдейді. **World Population Prospects 2024** деректеріне сәйкес, көші-қон ағындары халықаралық демографиялық динамиканың маңызды құрамдас бөлігіне айналууда [13]. **World Migration Report 2024** (Халықаралық көші-қон ұйымы – ХКҰ) деректері бойынша, Қазақстан – Ресей көші-қон дәлізі әлемдегі ең ірі көші-қон бағыттарының бірі болып табылады және көлемі бойынша 8-орында тұр [14].

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, **2023 жылы** елде тұрақты тұруға **25 387 адам ресми** түрде тіркелді, ал елден кеткендер саны **16 094 адамды** құрады. 2022 жылмен салыстырғанда келушілер ағыны **45,7 %-ға артқан**, ал кетушілер саны **33,3 %-ға азайған** [15]. Айта кетерлігі, келгендердің **86,3 %-ын ТМД елдерінің азаматтары** құрады.

Бұл деректерді зерттеуге енгізудің маңыздылығы: жаһандық деңгей: UN (WPP 2024) және ХКҰ деректері көші-қонның демографиялық дамудың негізгі факторы екенін көрсетіп, Қазақстанды халықаралық контекстте қарастырудың өзектілігін айқындайды. «Қазақстан – Ресей» көші-қон дәлізі көлемі бойынша әлемдік көшбасшылар қатарында қалып отыр, бұл ұлттық көші-қон саясатын әзірлеуде ескерілетін маңызды фактор. **Ішкі динамика:** 2023 жылы келгендер санының артуы және кеткендер санының азаюы көші-қон үрдістеріндегі өзгерістерді көрсетеді, бұл әлеуметтік бейімдеу мен қорғау жүйелерінің дайындығын бағалауда ерекше мәнге ие.

Осылайша, Қазақстан Республикасы үшін климаттық көші-қон мәселелері барған сайын өзекті болуда. Егер құқықтық реттеу тетіктері әзірленбесе, ел бірқатар қатерлермен бетпе-бет келуі мүмкін, соның ішінде: әлеуметтік шиеленістің артуы, қоныс аударған адамдардың құқықтарының бұзылуы, экологиялық апаттар жағдайында жаппай көшуге дайындықтың болмауы.

Салыстырмалы талдау аясында климаттық мигранттар мәселесін шешу тәжірибесі бар бірнеше елдердің, атап айтқанда Жаңа Зеландия мен Канаданың, тәсілдері қарастырылды.

Жаңа Зеландия – климаттық көші-қонның жаһандық қатерлерін мойындап, климаттық өзгерістерге байланысты баспанасынан айырылған адамдарға құқықтық қорғау беру мәселесін алғашқылардың бірі болып күн тәртібіне енгізген ел. 2017 жылы Жаңа Зеландия үкіметі климаттық мигранттар үшін арнайы виза енгізу идеясын талқылауға бастамашылық жасады [16]. Бұл бастама негізінен Тынық мұхитындағы арал мемлекеттерінің (мысалы, Кирибати, Тувалу) тұрғындарына қолдау көрсетуге бағытталды. Ұсынылған виза форматы: пилоттық квота – жылына шамамен 100 адам. Негіздеме – климаттық өзгерістер салдарынан өмір сүруге жарамды жағдайлардың жойылуы. Мұндай виза иелеріне Жаңа Зеландияда уақытша немесе тұрақты тұру құқығы берілуі мүмкін еді. Алайда 2018 жылы үкімет бұл идеядан бас тартты, себебі Тынық мұхиты елдерімен бірлескен тұрақты шешімдер әзірлеудің маңыздылығы атап өтілді. Жаңа Зеландияның негізгі бағыты – аталған елдерге климаттық өзгерістерге бейімделу үшін жергілікті

деңгейде көмек көрсету (инфрақұрылым, сумен жабдықтау, энергетикалық жобалар арқылы).

Маңызды құқықтық прецедент – **Ioane Teitiota ісі (2013–2020)** [17]. Кирибати азаматы Иоане Теитиота 2013 жылы отбасымен бірге Жаңа Зеландиядан климаттық себептерге байланысты босқын мәртебесін сұрады. Ол теңіз деңгейінің көтерілуі, ауыз судың тапшылығы, өмір сүру жағдайларының нашарлауын өміріне төнген қауіп ретінде көрсетті. Жаңа Зеландия соттары оның өтінішін Конвенция шеңберінде босқын ұғымына сәйкес келмейтінін айтып қабылдамады. 2020 жылы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті Теитиотаның шағымын қарастырып, келешекте адамдарды климаттық қауіпі жоғары елдерге депортациялау **өмір сүру құқығын** (Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 6-бабы) бұзуы мүмкін екенін атап өтті. Шағым қанағаттандырылмағанмен, бұл іс климаттық көші-қонға қатысты адам құқықтарының халықаралық деңгейде мойындалуына жол ашты.

Канада – дамыған және икемді көші-қон жүйесіне ие мемлекет. Бұл жүйеде гуманитарлық және төтенше жағдайларға негізделген уақытша баппана немесе тұрақты тұру мәртебесін беру тетіктері көзделген. Арнайы «климаттық мигрант» ұғымы болмаса да, қолданыстағы ережелер бойынша кейбір жағдайларда оларды қорғауға алу мүмкіндігі бар. Мысалы:

- **H&C Grounds (Humanitarian and Compassionate Considerations)** – гуманитарлық және жанашырлық себептер бойынша тұрақты тұруға өтініш беру мүмкіндігі. Егер депортация адамның өміріне қауіп төндірсе, кедейлікке, базалық қызметтер мен ресурстардан айырылуға әкелсе, бұл негіз ретінде қарастырылуы мүмкін.

- **Temporary Resident Permits (TRP)** – иммиграциялық талаптарға сай келмейтін, бірақ елде болуға маңызды себептері бар адамдарға уақытша тұруға рұқсат беріледі. Климаттық апат жағдайында бұл тетік шұғыл эвакуация және қорғау құралы ретінде қолданылуы мүмкін [18].

Бұл мысалдар халықаралық міндетті құқықтық механизм болмаған жағдайда, мемлекеттердің өздерінің юрисдикциясы шеңберінде климаттық мигранттарды қорғауға бағытталған шешімдер әзірлейтінін көрсетеді.

Зерттеу аясында Қазақстан Республикасының заңнамасына «климаттық мигрант» жаңа санатын енгізу ұсынылды. Бұл ұғымды климаттық және экологиялық өзгерістер салдарынан тұрақты тұратын жерін тастауға мәжбүр болған, бірақ босқындар туралы Конвенция аясында қарастырылмайтын тұлға ретінде айқындауға болады.

Осыған байланысты «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға және оған байланысты нормативтік-құқықтық актілерге мынадай өзгерістер енгізу ұсынылады:

- климаттық көші-қонды тану критерийлері;
- уақытша және тұрақты орналастыру рәсімдері;
- құқықтық кепілдіктер мен әлеуметтік қорғау шаралары;
- климаттық апаттар салдарынан жаппай көші-қон кезінде ведомствоаралық үйлестіру тетіктері.

Зерттеу шеңберінде Қазақстандағы климаттық көші-қонды эмпирикалық тұрғыдан (мысалы, ішкі көшіп-қонушылар арасында сауалнама жүргізу арқылы) зерттеу жүргізілмегенін атап өткен жөн. Бұл – болашақта терең зерттеуді қажет ететін перспективалы бағыт.

Сондай-ақ климаттық көші-қонның жекелеген өңірлерге әсерін – инфрақұрылымдық, демографиялық және құқықтық аспектілер тұрғысынан – кешенді түрде бағалау қажет.

Нәтижесінде климаттық көші-қонды құқықтық реттеудің үш негізгі даму сценарийін болжауға болады.

Бірінші сценарий – статус-кво. Бұл жағдайда халықаралық деңгейде әмбебап шешімдер қабылданбайды, құқықтық вакуум сақталады, мемлекеттер тек ұлттық деңгейдегі әртүрлі шаралармен шектеледі, ал бұл әлеуметтік теңсіздік пен құқықтық қорғалмауды күшейтеді.

Екінші сценарий – құқықтық реформа. Мұнда «климаттық мигрант» ұғымын халықаралық деңгейде ресми түрде тану, қорғаудың ортақ стандарттарын қалыптастыру және оларды ұлттық заңнамаға бейімдеу жүзеге асады. Мұндай бағыт әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерін кеңейтіп, гуманитарлық салдарларды азайтады.

Үшінші сценарий – климаттық дағдарыс. Егер мемлекеттер консенсусқа келмесе және тиімді құқықтық шешімдер қабылданбаса, халықтың жаппай қоныс аударуы, гуманитарлық дағдарыстар мен мемлекетаралық шиеленістердің күшеюі ықтимал.

Климаттық көші-қонды құқықтық реттеудің даму сценарийлері

1-кесте. Климаттық өзгерістерге байланысты көшу ықтималдығы туралы адамдардың пікірі

Сценарий	Ықтимал салдарлар	Тәуекел деңгейі
Статус-кво	Құқықтық вакуумның сақталуы; ұлттық деңгейде бытыраңқы шаралар; әлеуметтік теңсіздіктің артуы	Жоғары
Құқықтық реформа	«Климаттық мигрант» ұғымын халықаралық деңгейде тану; әмбебап қорғау стандарттары; ұлттық заңнамаға бейімдеу; әлеуметтік интеграция	Орташа (оң әсер басым)
Климаттық дағдарыс	Халықтың жаппай қоныс аударуы; гуманитарлық дағдарыстар; мемлекетаралық шиеленістер мен қақтығыстар	Өте жоғары

Нәтижелерді талқылау. Зерттеу нәтижелері климаттық көші-қон мәселесінің халықаралық және ұлттық деңгейлерде өзектілігі мен құқықтық күрделілігін дәлелдейді. Қазіргі таңда климаттың өзгеруіне байланысты қоныс аударатын тұлғаларды қорғауға бағытталған тиімді әрі міндетті халықаралық немесе ұлттық құқықтық тетіктер жоқ.

Зерттеудің басты қорытындыларының бірі – 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы Конвенция және өзге де халықаралық келісімдер климаттық мигранттарға қолданылмайды. 2018 жылғы Қауіпсіз, реттел-

ген және заңды көші-қон жөніндегі жаһандық келісім мен 2015 жылғы Климат жөніндегі Париж келісімі климат пен көші-қон арасындағы өзара байланысты мойындағанымен, климаттық мигранттарды тану және қорғау бойынша нақты құқықтық база мен міндеттемелерді қарастырмайды. Бұл құжаттардың рөлі мемлекеттердің күш-жігерін үйлестіруге бағытталған декларативті сипатта ғана, ал құқықтық кепілдіктер жоқ.

Осы тұрғыдан алғанда, Жаңа Зеландия мен Канаданың тәжірибесі ерекше назар аударарлық. Бұл елдер климаттық факторларды гуманитарлық немесе уақытша қорғау беру үшін негіз ретінде қарастыруға саяси ерік-жігер танытып отыр. Дегенмен, бұл елдерде де климаттық мигранттар үшін арнайы құқықтық мәртебе жоқ. Соған қарамастан, икемді иммиграциялық механизмдер бұл құқықтық олқылықты ішінара өтеуге мүмкіндік береді.

Ioane Teitiota–Жаңа Зеландия ісі халықаралық құқықтық практикада маңызды қадам болды. Босқын мәртебесін беруден бас тартылғанына қарамастан, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті болашақта климаттық апаттардан қатты зардап шеккен елдерге адамдарды депортациялау **өмір сүру құқығын** бұзуы мүмкін екенін мойындады. Бұл көзқарас климаттық мигранттарды қорғаудың халықаралық тетіктерін дамытуға жаңа перспектива ашты, алайда бұл әлі де халықаралық құқықта нақты бекітілмеген жалғыз мысал болып отыр.

Қазақстан Республикасының заңнамасын талдау көрсеткендей, «климаттық мигрант» ұғымы жоқ және экологиялық себептермен қоныс аударатын тұлғаларды қорғауға арналған құқықтық құралдар қарастырылмаған. Бұл ретте шөлейттену, топырақ деградациясы, су ресурстарының тапшылығы секілді климаттық қатерлер елдің оңтүстік және батыс өңірлерінде байқала бастады. «Халықтың көші-қоны туралы» Заңда қоныс аударушыларға қатысты нормалар болғанымен, олардың қолданылу аясы шектеулі және олар экологиялық көші-қон ерекшеліктеріне бейімделмеген.

Эмпирикалық деректер Қазақстанда климаттық көші-қон құбылысының нақты көріністерін айқындайды. Мәселен, Қызылорда облысы мен Приаралье аймағында жердің тозуы, су тапшылығы және қуаңшылық салдарынан тұрғындар солтүстік және орталық өңірлерге (Астана, Қарағанды) көшуге мәжбүр болуда [19]. Бұдан бөлек, 2024 жылы тек Семей өңірінен 14 928 адам қоныс аударып, олардың басым бөлігі Алматы, Астана және Қарағанды қалаларын таңдады [20]. Бұл мысалдар климаттық және экологиялық факторлардың миграциялық шешімдерге тікелей ықпал ететінін көрсетіп, құқықтық реттеу қажеттілігін нақтылай түседі.

Осыған байланысты, зерттеу барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына климаттық өзгерістер салдарынан қоныс аударған, босқын мәртебесіне жатпайтын тұлғаларға қатысты жаңа санат – **«климаттық мигрант»** ұғымын енгізу ұсынылды. Сонымен қатар мынадай нақты реформалық шаралар ұсынылды:

- климаттық көші-қонды танудың құқықтық өлшемшарттарын айқындау;

- оны тіркеу мен есепке алудың рәсімдерін енгізу;
- құқықтық және әлеуметтік қорғау тетіктерін әзірлеу;
- климаттық апаттар салдарынан халықтың жаппай көшуі кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Бұл ұсыныстар климаттық көші-қонға ден қоюдың ұлттық стратегиясын қалыптастыруға бағытталған алғашқы қадам болып табылады. Қазақстан кең аумағын, климаттық әртүрлілікті және кейбір өңірлердің осалдығын ескере отырып, климаттық көші-қонды реттеудің тиімді үлгісін әзірлеген ТМД кеңістігіндегі алғашқы елдердің бірі бола алады.

Айта кету керек, бұл зерттеу құқықтық және аналитикалық сипатта болғандықтан, нақты климаттық мигранттармен сұхбат немесе эмпирикалық зерттеулер (мысалы, сауалнама, далалық деректер жинау) жүргізілген жоқ. Сондықтан болашақта Қазақстанның ең осал өңірлерінде климаттық көші-қонның ауқымын, бағыттарын және себептерін нақтылау мақсатында эмпирикалық зерттеулер жүргізу – перспективалы бағыттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар климаттық көші-қонның әлеуметтік-экономикалық салдарын – инфрақұрылымға, еңбек нарығына, әлеуметтік қолдау жүйесіне және өңіраралық қатынастарға әсерін – кешенді бағалау қажет.

Осылайша, зерттеу нәтижелерін талдау климаттық көші-қонды құқықтық реттеуде кешенді, пәнаралық және проактивті тәсілді қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл тек заңнамалық реформаларды ғана емес, сонымен қатар институционалдық, ғылыми және қоғамдық әрекет ету тетіктерін қалыптастыруды талап етеді.

Түйіндей келе, климаттық көші-қонды құқықтық тану және оған тиісті мәртебе беру – орнықты даму және адам құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық және халықаралық саясаттың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Қорытынды

Климаттық көші-қон – қазіргі халықаралық-құқықтық және ұлттық контексте жеткіліксіз реттелген құбылыстардың бірі. Соған қарамастан, жаһандық климаттың өзгеруіне байланысты оның маңызы жылдан-жылға артып келеді. Халықаралық құқықтық жүйеде климаттық мигранттар үшін әмбебап мойындалған құқықтық мәртебенің жоқтығы – ең өзекті мәселелердің бірі. Мұндай мәртебенің болмауы экологиялық себептерге байланысты тұрғылықты жерін тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың құқықтық тұрғыда қорғалмауына, әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерінің шектелуіне және құқықтық белгісіздіктің күшеюіне алып келуде.

Қазақстан Республикасы үшін бұл мәселе ерекше мәнге ие. Елдің кең аумағы, табиғи-климаттық аймақтарының алуан түрлілігі және бірқатар өңірлерінің қуаңшылыққа, шөлейттенуге, су тапшылығына бейімділігі ішкі климаттық көші-қон толқындарының пайда болуына алғышарттар қалыптастырады. Алайда қолданыстағы көші-қон заңнамасы, оның ішінде 2011 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» Заң, экологиялық себептерге байланысты орын алатын қоныс аударуларды қамтитын нақты нормалар-

ды қарастырмайды. Бұған қоса, 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасында климаттық көші-қон құқықтық немесе стратегиялық санат ретінде мүлде ескерілмеген. Бұл жағдай нормативтік олқылықтың бар екенін айқындап қана қоймай, климаттық тұрақсыздық күшейген кезде елдің әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық тұрғыда дайын еместігін де көрсетеді.

Сонымен бірге, заң мен тұжырымдамадан бөлек Қазақстанда көші-қон саласында белгілі бір жұмыстар атқарылды. Үкімет қаулылары негізінде өңірлік квоталар белгіленіп, ішкі қоныс аударушыларды қолдау шаралары іске асырылды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитеті көші-қон процестерін басқаруға бағытталған арнайы бағдарламалар әзірлеп, көші-қон инфрақұрылымын дамытуға, деректерді жүйелеуге және бейімдеу тетіктерін жетілдіруге күш салды. Бұдан бөлек, Халықаралық көші-қон ұйымы (ХКУ), БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасы (БҰҰБЖКБ) және Дүниежүзілік банкпен бірлескен жобалар жүзеге асырылып, климаттық көші-қон тәуекелдерін бағалау мен саяси шешімдерді жетілдіруге арналған сараптамалық ұсыныстар ұсынылды. Сондай-ақ, отандық ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары эмпирикалық зерттеулер жүргізіп, көші-қонның әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қырларын зерделеп, мемлекеттік саясатқа ғылыми негізделген деректер ұсынуда.

Халықаралық тәжірибе бұл мәселені шешуде әртүрлі тәсілдер қолдануға болатынын көрсетеді. Мәселен, Жаңа Зеландияда климаттық себептермен баспанасынан айырылған адамдарға виза беру бастамасы көтерілді, ал Канада өз иммиграциялық жүйесінде гуманитарлық және жанашырлық (H&C Grounds) негізде уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат беру мүмкіндігін қарастырады. Бұдан бөлек, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің Ioane Teitiota ісі бойынша қабылдаған шешімі климаттық мигранттар мәртебесін халықаралық құқықта тану қажеттілігін көрсетті. Әрине, бұл тетіктер әмбебап құқықтық шешімнің орнын баса алмайды, алайда олар мемлекеттердің өз юрисдикциясында уақытша әрі икемді тәсілдерді қолдана алатынын дәлелдейді.

Қазақстан жағдайында да осындай тәсілдер өзекті. Ең алдымен, заңнамаға «климаттық мигрант» деген жаңа санатты енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл санатты экологиялық немесе климаттық өзгерістер салдарынан тұрақты тұратын жерін тастауға мәжбүр болған, бірақ босқындар туралы Конвенция шеңберіне кірмейтін тұлға ретінде анықтауға болады. Одан кейін «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға және оған қосымша актілерге климаттық көші-қонды тану, тіркеу, қоныстандыру рәсімдерін бекітетін өзгерістер енгізу қажет.

Сондай-ақ мұндай тұлғалар үшін құқықтық, әлеуметтік және гуманитарлық қорғау кепілдіктерін белгілеу, климаттық апат жағдайында жаппай қоныс аудару орын алған кезде ведомствоаралық үйлестіру тетіктерін құру да маңызды.

Сонымен қатар, стратегиялық деңгейде климаттық көші-қонды елдің көші-қон саясатына, климаттық бағдарламаларына және аумақтық даму жоспарларына интеграциялау қажет. Бұл шаралар мемлекеттік саясаттың климаттық сын-қатерлерге жауап беру қабілетін арттырып, халықты қорғаудың кешенді жүйесін құруға ықпал етеді. Бұдан бөлек, экологиялық апат қаупі жоғары өңірлерде қосымша эмпирикалық зерттеулер жүргізу маңызды: климаттық көші-қонның ауқымын, серпінін, негізгі себептерін, сондай-ақ қабылдаушы аймақтардың әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымдық дайындығын бағалау қажет.

Осылайша, климаттық көші-қонды құқықтық тұрғыдан кешенді қайта пайымдау және оны Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына енгізу – тек адам құқықтарын қорғау мәселесі ғана емес, елдің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етудің және ХХІ ғасырдың климаттық сын-тегеуріндері жағдайында орнықты дамуды қамтамасыз етудің маңызды бағыты болып табылады. Бұл бағытта халықаралық тәжірибені бейімдей отырып, ұлттық деңгейде құқықтық және институционалдық шешімдер қабылдау Қазақстанды өңірлік көшбасшы елдердің қатарына шығара алады.

***Қаржыландыру:** Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (ЖТН № АР23485959).*

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Population Division. International Migrant Stock 2024: Key facts and figures. Advance unedited version. UN DESA/POP/2024/DC/NO. 13. – United Nations, New York, January 2025.
2. Доклад о миграции в мире – 2024 / ред. М. Маколифф, Л. А. Оучо. – Женева: Халықаралық көші-қон ұйымы (МОМ), 2024.
3. Millions on the Move in Their Own Countries: The Human Face of Climate Change. 13 қыркүйек 2021 ж. – URL: <https://www.vseмирnyjbank.org/ru/news/feature/2021/09/13/millions-on-the-move-in-their-own-countries-the-human-face-of-climate-change> (қаралған күні: 23.03.2025).
4. Конвенция о статусе беженцев: қабылданған 1951 жылғы 28 шілдеде, Женева. – М.: ИПК Изд-во стандартов, 2004.
5. Париж келісімі: жарияланған 2015 жылғы 12 желтоқсанда, Париж. – М., 2018. – 32 б.
6. Глобальный договор о безопасной, упорядоченной и легальной миграции: бекітілген 2018 ж. 10 желтоқсанда, Марракеш (Марокко). – Нью-Йорк: БҰҰ, 2018. – 36 б. – URL: <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N18/452/02/PDF/N1845202.pdf?OpenElement> (қаралған күні: 23.03.2025).
7. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 22 маусымдағы № 477-IV // Әкімшілік-құқықтық жүйе. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000477> (қаралған күні: 23.03.2025).
8. Idrisov T. Climate Change and Water Resources in Central Asia: Growing Uncertainty. CABAR.asia. – URL: <https://cabar.asia/en/climate-change-and-water-resources-in-central-asia-growing-uncertainty> (қаралған күні: 15.03.2025).
9. Беженев Е. С., Тлеубаев Р. М. Мемлекеттік ішкі көші-қонды реттеу // Молодой ученый. – 2022. – №16 (411). – Б. 169–171. – URL: <https://moluch.ru/archive/411/90459/> (қаралған күні: 21.03.2025).

10. Қазақстан Республикасының 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы: ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 961 қаулысы // Әкімшілік-құқықтық жүйе. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000961> (қаралған күні: 15.02.2025).
11. Халықаралық көші-қон ұйымы. MOM жобасының Басқарушы комитетінің отырысы: Қазақстандағы климаттық өзгерістер жағдайындағы мобильділік мәселелері. – 2023. – URL: <https://kazakhstan.iom.int/ru/news/meeting-iom-project-steering-committee-addressing-human-mobility-issues-context-climate-change> (қаралған күні: 15.03.2025).
12. Taylor L. New Zealand considers climate refugee visa for Pacific Islanders. Reuters, 30 Oct 2017. – URL: <https://www.reuters.com/article/us-newzealand-climatechange-refugees-idUSKBN1CZ0XN> (қаралған күні: 10.03.2025).
13. United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division. World Population Prospects 2024. – New York: United Nations, 2024. – URL: <https://population.un.org/wpp/> (қаралған күні: 06.09.2025).
14. International Organization for Migration (IOM). World Migration Report 2024 – Kazakhstan Country Profile. – Prague Process. – URL: <https://www.pragueprocess.eu/en/countries/868-kazakhstan> (қаралған күні: 06.09.2025).
15. Kazakhstan-based Professor Talks Why Migration Matters, Ideal Policy, and Trends. The Astana Times, 23 July 2024. – URL: <https://astanatimes.com/2024/07/kazakhstan-based-professor-talks-why-migration-matters-ideal-policy-and-trends/> (қаралған күні: 06.09.2025).
16. Берман С., Кент А. Дело Тейтиоты и ограничения системы прав человека // QIL. – 2020. – №75. – Б. 25–39.
17. Wren G. Can Humanitarian and Compassionate Applications Provide an Adequate Remedy for Climate Migrants? Obiter Dicta, 7 Apr. 2021. – URL: <https://obiter-dicta.ca/2021/04/07/can-humanitarian-and-compassionate-applications-provide-an-adequate-remedy-for-climate-migrants/> (қаралған күні: 15.03.2025).
18. Matias D.M.S. Climate humanitarian visa: international migration opportunities as post-disaster humanitarian intervention. Climatic Change, 2020, 160: 143–156. – URL: <https://doi.org/10.1007/s10584-020-02691-9> (қаралған күні: 01.03.2025).
19. Lada.kz. Климат адамдарды көшуге мәжбүрлейді: Қазақстан өңірлерін кімдер және не үшін тастап кетуде. – 15 сәуір 2025 ж. – URL: <https://www.lada.kz/kazakhstan-news/137237-klimat-zastavliaet-uezzhait-kto-i-pochemu-pokidaet-regiony-kazakhstana.html> (қаралған күні: 06.09.2025).
20. Baq.kz (орысша бөлім). Семей шұғыл түрде халқын жоғалтып жатыр: Қазақстан тұрғындары қайда және неге кетіп жатыр? – Baq.kz, 2024 ж. – URL: https://rus.baq.kz/semey-stremitelno-teryayet-naselenie-kuda-i-pochemu-uezzhayut-zhiteli_300015784/ (қаралған күні: 06.09.2025).

REFERENCES:

1. Population Division. International Migrant Stock 2024: Key facts and figures. Advance unedited version [Halyqaralyq migranttardyq qor 2024: negizgi derekter men sandar. Aldyn ala redakciаланbagan nusqa [International Migrant Stock 2024: Key facts and figures. Advance unedited version]] – UN DESA/POP/2024/DC/NO. 13. – United Nations, New York, January 2025.
2. M. Makoliff, L. A. Oucho. Doklad o migracii v mire – 2024 [Alemdik migraciia turaly esep – 2024 [World Migration Report – 2024]] – Geneva: International Organization for Migration (IOM), 2024.
3. Millions on the Move in Their Own Countries: The Human Face of Climate Change [Oz elderinde qozgalyp jurgen milliardar: klimattiq ozgeristerdin adam keskini [Millions on the Move in Their Own Countries: The Human Face of Climate Change]] – 13 September 2021. – URL: <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/feature/2021/09/13/millions-on-the-move-in-their-own-countries-the-human-face-of-climate-change> (accessed: 23.03.2025).
4. Konvencija o statuse bezhencev [Bosqyndar martebesi turaly konvenciia [Convention relating to the Status of Refugees]] – adopted on 28 July 1951, Geneva. – Moscow: IPK Izd-vo standartov, 2004.
5. Parizh kelisimi [Parizh kelisimi [Paris Agreement]] – adopted on 12 December 2015, Paris. – Moscow, 2018. – 32 p.
6. Global'nyj dogovor o bezopasnoj, uporjadochennoj i legal'noj migracii [Qauiqsiz, rettegen jane zand y migraciia turaly halyqaralyq kelisim [Global Compact for Safe, Orderly and Regular Migration]] – adopted on 10 December 2018, Marrakesh (Morocco). – New York: United Nations, 2018. – 36 p. – URL: <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N18/452/02/PDF/N1845202.pdf?OpenElement> (accessed: 23.03.2025).
7. Halyqtyng koshi-qony turaly Qazaqstan Respublikasynyn Zany [Halyqtyng koshi-qony turaly Qazaqstan Respublikasynyn Zany [Law of the Republic of Kazakhstan On Population Migration]] – adopted on 22 June 2011, No. 477-IV. // Akimshilik-quyqyqtyq juzhe. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000477> (accessed: 23.03.2025).
8. Idrisov T. Climate Change and Water Resources in Central Asia: Growing Uncertainty

- [Klimattyq ozgerister men Su Resurstary Ortalyk Aziyada: soqymsyzdyq osu [Climate Change and Water Resources in Central Asia: Growing Uncertainty]] – CABAR.asia. – URL: <https://cabar.asia/en/climate-change-and-water-resources-in-central-asia-growing-uncertainty> (accessed: 15.03.2025).
9. Bezhenov E. S., Tleubaev R. M. Memlekettik ishki koshi-qondy retteu [Memlekettik ishki koshi-qondy retteu [Regulation of Internal Migration Policy]] // Molodoj uchenyj. – 2022. – No.16 (411). – P. 169–171. – URL: <https://moluch.ru/archive/411/90459> (accessed: 21.03.2025).
10. Qazaqstan Respublikasynyn 2023–2027 zhyldarga arналған koshi-qon sajasatynyn tuzhyrymdamasy turaly [Qazaqstan Respublikasynyn 2023–2027 zhyldarga arналған koshi-qon sajasatynyn tuzhyrymdamasy turaly [Concept of the Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2023–2027]]: Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan, No. 961, 30 November 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000961> (accessed: 15.02.2025).
11. Halyqaralyq koshi-qon ujymy. MOM zhobasynyn Basqarushy komitetinin otyrysty: Qazaqstandagy klimattyq ozgerister jagdajyndagy mobililik maseleleri [Halyqaralyq koshi-qon ujymy. MOM zhobasynyn Basqarushy komitetinin otyrysty: Qazaqstandagy klimattyq ozgerister jagdajyndagy mobililik maseleleri [IOM Project Steering Committee Meeting: Human Mobility Issues in the Context of Climate Change in Kazakhstan]]. – 2023. – URL: <https://kazakhstan.iom.int/ru/news/meeting-iom-project-steering-committee-addressing-human-mobility-issues-context-climate-change> (accessed: 15.03.2025).
12. Taylor L. New Zealand considers climate refugee visa for Pacific Islanders [Jana Zealandia Tynyk mykhit apaldyqtaryna arналған klimat bosqyndary viza mysaly qarastyrady [New Zealand considers climate refugee visa for Pacific Islanders]]. – Reuters, 30 October 2017. – URL: <https://www.reuters.com/article/us-newzealand-climatechange-refugees-idUSKBN1CZ0XN> (accessed: 10.03.2025).
13. United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division. World Population Prospects 2024. – New York: United Nations, 2024. – URL: <https://population.un.org/wpp/> (accessed: 06.09.2025).
14. International Organization for Migration (IOM). World Migration Report 2024 – Kazakhstan Country Profile. – Prague Process. – URL: <https://www.pragueprocess.eu/en/countries/868-kazakhstan> (accessed: 06.09.2025).
15. Kazakhstan-based Professor Talks Why Migration Matters, Ideal Policy, and Trends [Qazaqstandyq professor migraciyanyn manyzdylygy, jaramdy saiasat pen bagyttyr turaly [Kazakhstan-based Professor Talks Why Migration Matters, Ideal Policy, and Trends]] – The Astana Times, 23 July 2024. – URL: <https://astanatimes.com/2024/07/kazakhstan-based-professor-talks-why-migration-matters-ideal-policy-and-trends/> (accessed: 06.09.2025).
16. Berman S., Kent A. Delo Tejtoty i ogranichenija sistemy prav cheloveka [Delo Tejtoty i ogranichenija sistemy prav cheloveka [The Tejtota Case and the Limitations of the Human Rights System]] // QIL. – 2020. – No. 75. – P. 25–39.
17. Wren G. Can Humanitarian and Compassionate Applications Provide an Adequate Remedy for Climate Migrants? Obiter Dicta, 7 April 2021. – URL: <https://obiter-dicta.ca/2021/04/07/can-humanitarian-and-compassionate-applications-provide-an-adequate-remedy-for-climate-migrants/> (accessed: 15.03.2025).
18. Matias D.M.S. Climate humanitarian visa: international migration opportunities as post-disaster humanitarian intervention [Klimattyq gumanitarylyq viza: apat jangdagy gumanitarylyq aralasu retinde halyqaralyq migraciialyq mumkindikter [Climate humanitarian visa: international migration opportunities as post-disaster humanitarian intervention]] – Climatic Change, 2020, Vol. 160, pp. 143–156. – URL: <https://doi.org/10.1007/s10584-020-02691-9> (accessed: 01.03.2025).
19. Lada.kz. Klimat adamdardy koshuge mazhburlejdi: Qazaqstan onirlerin kimder jane ne ushin tastap ketude [Klimat adamdardy koshuge mazhburlejdi: Qazaqstan onirlerin kimder jane ne ushin tastap ketude [Climate Forces People to Migrate: Who and Why Leaves Kazakhstan's Regions]] – 15 April 2025. – URL: <https://www.lada.kz/kazakhstan-news/137237-klimat-zastavliaet-uezzhat-kto-i-pochemu-pokidaet-regiony-kazakhstana.html> (accessed: 06.09.2025).
20. Baq.kz (oryssha bolim). Semej shugyl turde halqyn zhogaltyp zhatyr: Qazaqstan turgyndary qaida jane nege ketip zhatyr? [Semej shugyl turde halqyn zhogaltyp zhatyr: Qazaqstan turgyndary qaida jane nege ketip zhatyr? [Semey is Rapidly Losing Its Population: Where and Why are Kazakhstan's Residents Leaving?]] – Baq.kz, 2024. – URL: https://rus.baq.kz/semey-stremitelno-teryat-naselenie-kuda-i-pochemu-uezzhayut-zhiteli_300015784/ (accessed: 06.09.2025).

Мақаланың редакцияға түскен күні: 12-05-2025

Мақаланың жарияланған күні: 29-09-2025